

**"Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 тамыздағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 209 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 шілдеде № 5504 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 59 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 16.03.2020 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 тамыздағы № 304 қаулысына (2016 жылғы 22 қыркүйекте "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3892 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2019 жылғы  
"29" шілдедегі № 209 қаулысымен  
бекітілді  
Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2016 жылғы  
11 тамыздағы № 304 қаулысымен  
бекітілді

## **"Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 151 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13652 болып тіркелді) бекітілген "Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес әзірленді.

"Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы

Регламенке 1-қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының, аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет жер учаскесінің орналасқан жері бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңның 5-бабына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз және алдын ала жазылусыз "электрондық кезек" тәртібінде көрсетіледі, [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешімі не осы Регламенттің 4-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.

4. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылуы;

3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 24-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде және 6-тармағында, 43-бабы 3-тармағының алтыншы бөлігінде және 6-1-тармағында, 49-2-бабы 6-тармағының екінші бөлігінде, 50-бабының 2, 2-1 және 4-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылы тәртібін сипаттау**

6. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі), оның ішінде жеңілдіктері бар адамдар көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға бір данада мыналарды ұсыну болып табылады:

1-кезең:

1) Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесіне құқық беруге арналған өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

2-кезең:

бекітілген жерге орналастыру жобасы.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын, жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарын растайтын, жер учаскесіне ауыртпалықтың жоқ екені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы Регламенттің осы тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын бермеген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тартылғаны туралы қолхат береді.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжаттарды қабылдайды, өтінішті тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, өтінішке қарар қояды, жауапты орындаушыны – облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органын (бұдан әрі – уәкілетті орган) айқындайды және уәкілетті органға жолдайды – 1 (бір) жұмыс күні;

3) уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысады, өтінішке қарар қояды, уәкілетті органның жауапты орындаушысын айқындайды – 1 (бір) жұмыс күні;

4) уәкілетті органның жауапты орындаушысы өтінішті қарайды, сұратылып отырған жер учаскесінің пайдаланылу мүмкіндігін айқындайды, жер учаскесін алдын ала таңдау актісін жасайды, жер комиссиясының отырысына материалдарды дайындайды және жолдайды не бас тарту туралы жазбаша уәжді жауап – 15 (он бес) жұмыс күні;

5) жер комиссиясы уәкілетті орган комиссияға аумақты аймақтандыруға сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша сұратылып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныс жолдаған сәттен бастап қорытынды шығарады – 5 (бес) жұмыс күні.

Аталған мерзімге:

жерге орналастыру жобасын жасау;

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-бабының 6-тармағымен белгіленген келісу;

белгілі жерде жер учаскесінің шекарасын белгілеу кезеңдері кірмейді;

6) уәкілетті органның жауапты орындаушысы комиссия қорытындысы және бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде тиісті шешім жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушіге береді – жерге орналастыру жобасы бекітілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне түскен сәттен бастап қол қояды және кеңсеге жібереді – 1 (бір) жұмыс күні;

8) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді – 15 (он бес) минут.

8. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) өтінішті тіркеу;

2) өтінішпен танысу, қарар қою, уәкілетті органға жолдау;

3) өтінішпен танысу, қарар қою, жауапты орындаушыны айқындау;

4) өтінішті қарау, таңдау актісін жасау, жер комиссиясына жолдау;

- 5 жер комиссиясының қорытындысын шығару;
- 6) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін дайындау;
- 7) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қою;
- 8) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттау**

9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) уәкілетті органның басшысы;
- 4) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

10. Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжаттарды қабылдайды, өтінішті тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, өтінішке қарар қояды, жауапты орындаушыны – уәкілетті органды айқындайды және жауапты орындаушыға жолдайды – 1 (бір) жұмыс күні;

3) уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысады, өтінішке қарар қояды, уәкілетті органның жауапты орындаушысын айқындайды – 1 (бір) жұмыс күні;

4) уәкілетті органның жауапты орындаушысы өтінішті қарайды, сұратылып отырған жер учаскесінің пайдаланылу мүмкіндігін айқындайды, жер учаскесін алдын ала таңдау актісін жасайды, жер комиссиясының отырысына материалдарды дайындайды және жолдайды не бас тарту туралы жазбаша уәжді жауап – 15 (он бес) жұмыс күні;

5) жер комиссиясы уәкілетті орган комиссияға аумақты аймақтандыруға сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша сұратылып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныс жолдаған сәттен бастап қорытынды шығарады – 5 (бес) жұмыс күні.

Аталған мерзімге:

жерге орналастыру жобасын жасау;

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-бабының 6-тармағымен белгіленген келісу;

белгілі жерде жер учаскесінің шекарасын белгілеу кезеңдері кірмейді;

6) уәкілетті органның жауапты орындаушысы комиссия қорытындысы және бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде тиісті шешім жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушіге береді – жерге орналастыру жобасы бекітілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне түскен сәттен бастап қол қояды және кеңсеге жібереді – 1 (бір) жұмыс күні;

8) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді – 15 (он бес) минут.

#### **4. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

11. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету бойынша іс-қимылды бастауға негіздеме Мемлекеттік корпорация қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттар топтамасын қабылдауы болып табылады.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштің дұрыс толтырылуын және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар топтамасының осы Регламенттің 5-тармағына сәйкес толықтығын тексереді – 5 (бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық тапсырмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тартылғаны туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға өтініштің қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері, егер, Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады;

2) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіреді, көрсетілетін қызметті алушы жайында тиісті ақпаратты және берілген құжаттардың тізімін Халыққа қызмет көрсету орталықтарына арналған ықпалдастырылған ақпараттық жүйеге (бұдан әрі –

ХҚКО БІАЖ) енгізеді, көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді – 5 (бес) минут;

3) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттар топтамасын дайындайды және оларды көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік немесе осыған уәкілетті өзге де байланыс арқылы жібереді – 1 (бір) жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттауға сәйкес рәсімдерді (іс-қимылдарды) жүзеге асырады;

5) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жеке куәлік көрсетілген кезде (не өкілеттігін растайтын құжат бойынша оның өкіліне) қолхат негізінде береді – 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оны көрсетілетін қызметті берушіге одан әрі сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар) ретінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сондай-ақ өзге де көрсетілген қызметті берушілермен және (немесе) Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

## **5. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

14. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылығы бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қабылдауды бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну жолымен көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту мен қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттардың тізбесі мен оларды толтыру үлгілері



бар стендтермен жаракталған құжаттарды толтыруға арналған орындар), өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның ғимараттары мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар кіреберіспен жабдықталған болады.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Ауыл шаруашылығы министрлігінің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінің "Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары" – "Жергілікті атқарушы органдар" кіші бөлімінде;

2) Мемлекеттік корпорацияның [www.gov4c.kz](http://www.gov4c.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

17. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

18. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 1414, 8 800 080 7777.

"Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

**"Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік қызметін көрсететін Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдары**

Р/с №	Облыстың, аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің жергілікті атқарушы органдарының атауы	Тұрған жері	Байланыс телефоны	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5
1	"Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" КММ	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 58	8715-2-46-42-70	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін

Айыртау ауданы				
2	"Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің аппараты" КММ	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл ауылы Шоқан Уәлиханов көшесі, 44	8715-33-2-26-46	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл ауылы Янко көшесі, 19	8715-33-2-18-57	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Арықбалық ауылы Центральная көшесі, 17	8715-33-4-11-41	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Антонов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Антоновка ауылы Ленин көшесі, 39	8715-33-2-61-17	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Украин ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Кирилловка ауылы Ленин көшесі, 38	8715-33-2-41-82	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылы Школьная көшесі, 2	8715-33-5-47-86	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Казан ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Казанка ауылы	8715-33-2-31-48	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Нижнеборлық ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Нижний-Бурлук ауылы Центральная көшесі, 34	8715-33-4-84-44	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
		Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау		Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және

	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаков ауылдық округінің әкімі	ауданы Гусаковка ауылы Школьная көшесі, 40	8715-33-4-82-17	мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Имантау ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Имантау ауылы Ленин көшесі, 51	8715-33-4-55-43	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Лобанов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Лобанов ауылы Ленин көшесі, 29	8715-33-4-62-44	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Константинов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Константиновка ауылы Куйбышев көшесі, 70	8715-33-4-82-17	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қамсақты ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Карасевка ауылы Мир көшесі	8715-33-2-53-22	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қаратал ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қаратал ауылы Орталық көшесі, 2	8715-33-5-16-28	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Елецк ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Елецкое ауылы Зеленая көшесі, 34	8715-33-2-96-34	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
<b>Ақжар ауданы</b>				
3	"Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімінің аппараты" КММ	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Талшық ауылы Целинная көшесі, 15	8715-46-2-14-41, 2-11-24	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
		Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар		Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Айсары ауылдық округінің әкімі	ауданы Айсары ауылы Абай көшесі, 10-үй	8715-46-5 -13-46	13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ақжарқын ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ақжарқын ауылы Ленин көшесі , 5-үй	8715-46-5 -22-94	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек ауылы Ғабдуллин көшесі, 1-үй	8715-46-3 -32-22	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылы Маркин көшесі	8715-46-4 -02-10	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Восход ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Восход ауылы Қонаев көшесі, 5-үй	8715-46-5 -19-93	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кеңашы ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кеңашы ауылы Гагарин көшесі	8715-46-2 -17-97	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кіші Қарой ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кіші Қарой ауылы Ақан сері көшесі, 13-үй	8715-46-3 -55-99	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Қулықөл ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Қулықөл ауылы Школьная көшесі, 3-үй	8715-46-5 -16-60	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ленинград ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ленинградское ауылы	8715-46-3 -14-73	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін

	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Май ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Май ауылы	8715-46-5-19-04	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Новосел ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Новосел ауылы Гвардейская көшесі, 2-үй	8715-59-2-01-25	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Талшық ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Талшық ауылы Целинная көшесі, 20-үй	8715-46-7-90-77	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
<b>Аққайың ауданы</b>				
4	"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің аппараты" КММ	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Смирнов ауылы Народная көшесі, 50	8715-32-2-11-59	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Смирнов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Смирнов ауылы 9 мамыр көшесі, 67	8715-32-2-13-90	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Аралағаш ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Аралағаш ауылы Центральная көшесі, 26	8715-32-5-26-35, 5-26-08	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Астрахан ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Астраханка ауылы Горький көшесі	8715-32-2-93-33	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Власов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Власовка ауылы	8715-32-2-75-39	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
		Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың		Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және

	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Григорьев ауылдық округінің әкімі	ауданы Трудовое ауылы Пионерская көшесі	8715-32-5-28-70	мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Иванов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Ивановка ауылы Мир көшесі	8715-32-5-23-66	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Қиялы ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Қиялы ауылы Горький көшесі	8715-32-2-5512, 2-55-80	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Лесной ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Ленин ауылы	8715-32-2-96-84	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтав ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылы Советская көшесі	8715-32-2-63-16, 2-63-80	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылы Мир көшесі, 14	8715-32-2-68-08, 2-66-13	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Шағалалы ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Шағалалы ауылы	8715-32-2-35-23	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Черкас ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Черкасское ауылы Ильичевская көшесі	8715-32-2-35-23	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Есіл ауданы				
5		Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы		Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің аппараты" КММ	Явленка ауылы Ленин көшесі, 10	8715-43-2-15-01, 2-12-33	13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Өрнек ауылы Школьная көшесі, 13	8715-43-5-20-23	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Амангелді ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Амангелді ауылы Махин көшесі, 49	8715-43-2-54-44	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылы Жуков көшесі, 9	8715-43-5-42-48	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бұлақ ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бұлақ ауылы Мұқанов көшесі, 3	8715-43-3-12-75	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Волошин ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Волошинка ауылы Пушкин көшесі, 6	8715-43-5-40-18	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Заречный ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Чириковка ауылы Мұхтар Әуезов көшесі, 19	8715-43-2-51-30	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Заградов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Заградовка ауылы Мир көшесі, 18 а	8715-43-3-57-19	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Ильин ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Ильинка ауылы Ленин көшесі, 47	8715-43-2-71-75	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеев ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Корнеевка ауылы Первомай тұйық көшесі, 7	8715-43-3 -16-07	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаев ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылы Школьная көшесі, 17	8715-43-2 -65-13	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петров ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка ауылы Жарков көшесі, 102	8715-43-2 -47-32	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Покров ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Покровка ауылы Первомай көшесі, 2	8715-43-2 -37-79	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Спасов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Спасовка ауылы Амангелді Иманов көшесі, 7	8715-43-5 -35-96	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Тораңғұл ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Тораңғұл ауылы Центральная көшесі, 3	8715-43-5 -11-44	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Яснoв ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Яснoвка ауылы Молодежная көшесі, 52	8715-43-5 -11-19	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылы Ленин көшесі, 26	8715-43-2 -15-55	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Жамбыл ауданы			
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл		Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және



6	"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты" КММ	ауданы Пресновка ауылы Дружба көшесі, 10	8715-44-2-12-32, 2-12-33	мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Архангел ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Архангелка ауылы	8715-44-5-35-35	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещен ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка ауылы	8715-44-3-12-33	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылы	8715-44-5-17-08	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Казан ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Казанка ауылы	8715-44-216-36	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Қайранкөл ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Қайранкөл ауылы	8715-44-3-41-10	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Кладбин ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Кладбинка ауылы	8715-44-2-55-38	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Майбалық ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Святодуховка ауылы	8-715-44-5-24-74	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирный ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Мирное ауылы	8715-44-2-27-76	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін

	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Озерный ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Озерное ауылы	8715-44-5 -41-33	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредут ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылы	8715-44-5 -33-48	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Первомай ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Буденное ауылы	8715-44-5 -34-61	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Преснов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресновка ауылы Дружба көшесі, 19	8715-44-2 -27-11	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Троицк ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Троицк ауылы	8715-44-5 -37-30	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
<b>Мағжан Жұмабаев ауданы</b>				
7	"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты" КММ	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы Юбилейная көшесі, 56	8715-31-2 -12-90, 2- 15-57	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы Юбилейная көшесі, 56	8715-31-2 -14-46, 2- 14-07	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Полтавка ауылы	8715-31-2 -71-33	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
		Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан		Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Александров ауылдық округінің әкімі	Жұмабаев ауданы Александровка ауылы	8715-31-5 -25-35	мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылы	8715-31-3 -57-33	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышенка ауылы	8715-31-3 -14-77, 3- 12-62, 3- 12-62	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Золотонива ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Золотая Нива ауылы	8715-31-3 -34-33, 3- 34-05	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарағанды ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарағанды ауылы	8715-31-3 -55-75	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
